

Г. Ж. УТЕГЕНОВА

«МУҚАДДИМАТ ӘЛ-ӘДАБ» ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ҚАБЫСА БАЙЛАНЫСҚАН ЕСІМДІ ТІРКЕСТЕР

Сөз тіркесі туралы мәселе қазақ тіл білімінде бұрыннан зерттеу нысаны болып, құрылымдық жағынан жан-жақты талданып келе жатқан сала. Оның зерттелуінің өзіндік тарихы бар.

Сөз тіркесі синтаксисінің қалыптасу кезеңі 40-жылдардан басталады деу дұрыс. Бұл саланың терең орнығуына шын мәнінде үлес қосқан ғалым М. Балақаев [1] болды. Автордың сөз тіркесі туралы мақалалары 40-жылдардың аяғынан бастап шыға бастайды да, кейін «Основные типы словосочетаний в казахском языке» деп аталатын негізгі зерттеу еңбегі арқылы түйінделеді. Бұл зерттеу 1957 жылы жарық көреді.

Ғалымның сөз тіркесі жөніндегі түйінді тұжырымдары мен пікірлері тек қазақ тіл білімінде ғана емес, түркітануда да толықтай ғылыми тұрғыда қолдау тауып, одан әрі жалғасын тапты. Қазақ тіл білімінде М. Балақаевтың өзіндік мектебі қалыптасты. Көптеген шәкірттері сөз тіркесінің байланысу формалары мен тәсілдерінің ерекшеліктері бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Қазақ тіл білімінде аналитикалық сөзжасам тәсілі біршама зерттелу үстінде. Дәл сөзжасамдық бағытта жазылмаса да, сөздердің қосылуы арқылы жаңа атаулардың жасалуы туралы мәселелер ең бірінші рет Қ.Қ. Жұбанов зерттеулерінде айтылған болатын. Ғалымның «Образование сложных слов в казахском языке» атты зерттеу еңбегі өз кезеңі үшін аса сүбелі зерттеулердің бірі еді. Осы зерттеуде: «Сложение или композиция, есть образование нового слова путем соединения двух или более слов в одно», – деп бастай келе, грек, латын, роман, герман тілдеріндегі ғылыми зерттеулерге және оның тілдік деректеріне сүйене отырып, құнды пікірлер айтады. Сөздердің жаңа ұғымды білдіру үшін бір-бірімен қосылғанының өзіндік сипатын таныту үшін, олардың жеті түрлі негізгі құрылымдық-грамматикалық сипатын айқындайды [2, 473-474]. Біздіңше, Қ.Жұбанов пікірінің ең маңызды тұсы жаңа атаулардың жасалуындағы аналитикалық тәсілдің болатынын, әрі оның әртүрлі сөз таптарының бірігуіне қосылуы арқылы жасала алатынын көрсетіп беруі болса керек.

Сөзжасамның аналитикалық тәсіл арқылы жаңа сөз жасауы туралы профессор А.Б. Салқынбай еңбектерінде де айтылады. Бұл жұмыс негізінен

тілдің тарихи дамуына байланысты болғандықтан, көбінесе, тарихи деректер негізінде әңгіме болады [3, 314].

Сөздердің өзара тіркесуі – олардың грамматикалық қасиетінің бірі. Сөз тіркесінің синтаксисінде жеке сөз таптарының, олардың бөлшектерінің басқа сөздермен және өзара тіркесу қабілеті, байланысу тәсілдері, сөздердің сөз тіркесін құрудағы қызметі қарастырылады.

Қазақ тілінің сөз тіркестері секілді «Муқаддимат әл-әдаб» сөздігіндегі сөздердің өзара тіркесу қабілетіне қарай, *есімді* және *етістікті* болып үлкен екі салаға бөліп қарастырамыз. Есімді сөз тіркесінде есім сөздердің бірі басынқы болады да, етістікті сөз тіркесінде етістік басынқы сыңар болады.

Есімді, етістікті сөз тіркестерінің құрамдары, түр-түрпаты өзгеше болады. Сөз тіркесіндегі сөздердің басын құрайтын және сөз тіркестерін жіктеуге критерий болатын синтаксистік тірек – сөздердің байланысу формалары. Есімді сөз тіркестерінің басынқы сөзі әр уақытта есім, көбінесе зат есім болады. Зат есімдердің жетегінде айтылып, оларға бағынып тұратын сөздер де көбінесе есімдер болады. Ол есімдердің бірқатары сөз тіркесін құрау үшін өзара қабыса байланысады.

Қабыса байланысқан сөз тіркестері тек түркологияда ғана емес, орыс тіл білімінің өзінде де соңғы кеңестік дәуірдің жемісі. Қазан төңкерісіне дейінгі түркологтардың еңбектерінде қабысу туралы ешбір сөз қозғалмайды. Ол тек 1930–1940 жж. аралығында ғана қазақ тіл білімінде профессор С. Аманжолов еңбектерінде орын алғаны белгілі [4].

Қабысу – түркі тілдерінде, оның бірі қазақ тілінде өте жиі қолданылатын синтаксистік байланыс формасының бірі. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басынқы сөздің грамматикалық мағынасына, тұлғасына бейімделсе, тиісті жалғауда айтылып байланысса, қабыса байланысқан сөз тіркестері өзара ешқандай жалғаусыз, тек қатар тұру арқылы тіркеседі. Сонда қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық байланыс амалы сөздердің орын тәртібі болады.

«Муқаддимат әл-әдаб» сөздігінде қабыса байланысатын есімді сөз тіркестерінің құрамы әртүрлі;

оның бағыныңқы сыңары зат есім, сын есім, сан есім, сілтеу есімдігі, есімше, үстеу болады да, ба-сынқы сыңары зат есім, субстантивтенген сын, сан есімдер болады. Мысалы: *korksiz is* – ұсқынсыз жұмыс (МА), *oyulsiz xatun* – ұлсыз әйел (МА), *mayzliq xalva* – сүйекті халва (МА), *tas qazan* – тас қазан (МА), *Biligsiz киши* – білімсіз кісі (ҚБ), *Уқуш иш* – көрікті іс (ҚБ), *Өкүш сөз* – көп сөз (ҚБ), *Киши едгүси* – ізгі кісі (ҚБ), *Ерсә аты* – соқпақ аты (ҚБ), *Едгү өгди* – есті алғыс (Мн), *Есиз едгү* – жаманды жақсы (ХШ), *Йайығ дунийа* – баянсыз дүние (ҚБ), *Ирсәл йайығ* – қызметі тұрақсыз (ҚБ), *йашы ұзын* – жасы шексіз (ҚБ), *Қылқығ қыз* – қылқы қыз (ҚБ), *Қылынчы силиг* – мінезі сынық (Мн). Сөздік тілі мен ХІ ғасыр, орта ғасыр жазба ескерткіштер тіліндегі қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің жасалу жолдарында өзіндік айырмашылық жоқтың қасы. Қабыса байланысатын сөз тіркестердің жиі қолданылатын бір түрі – зат есімнен құралатын тіркестер. Екі зат есім атау күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағынып тұрады. Жазба ескерткіште қабыса байланысқан сөз тіркестері өте жиі кездеседі. Мысалы, *etlik er* – етті еркек, *yas ot* – жасыл шөп, *уирқа sac* – жұқа шаш.

«Мукаддимат әл-әдаб» сөздігінде осындай тіркесте айтылатын зат есімдер тобы көбінесе екі сөзден құралады. Олар өзара әр уақытта анықтауыштық қатынаста тұрады. Мысалы, *yasura dost* – құпия дос (МА), *ayrikan koz* – ауру көз (МА), *түгәл қут* – шын дәулет (ҚБ), *көрсү қарақуқа* – көр соқыр (ҚБ), *йорық тил* – жүйрік тіл (ҚБ), *йаңшады тер тилиг* – т іл безер мылж ың (ҚБ). Бұлар өзара анықтауыштық қатынаста айтылғанымен, сөй-лемде бір заттың күрделі анықтауыштары, кейде басқа да мүше болып жұмсалады. Осы тәрізді қатар тұру арқылы бірін-бірі анықтайтын зат есімдер тобы екі, үш, кейде төрт сөзден құралуы мүмкін.

Зат есімдерден құралатын сөз тіркестері тұрған орнына қарай байланысқанда, әрбір анықтауыштық тіркес фразалық бір екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек болып тұрады.

Зат есімдерден құралған анықтауыштық топқа кез келген зат есім ене бермейді. Оған өзара мағыналық байланыста бола алатын сөздер, тілде солай айтылып үйреншікті болған сөздер ғана енеді. Сондықтан *құпия дос*, *ауру көз*, *жүйрік тіл*, *тіл безер мылжың* деп айтылады да, керісінше, *дос құпия*, *көз ауру*, *т іл ж үйрік*, *мылж ың т іл безер* деп айтылмайды (орын ауыстырып айтуға болатын жағдайда басқа мағыналық қатынасты білдіреді). Зат

есімдерден болған сөз тіркесінің бірінші сыңары көбінесе конкретті, материалды заттың аты, кейде солай ұғынылатын басқа есімдер болады. Күш, өнер, қайрат, әрекет, айла, айбат, сес, тәртіп, абырой секілді абстракты зат есімдер сол түбір қалпында ол топтың бірінші сыңары болып айтылмайды.

Бірқатар зат есімдер анықтауыштық құрамда жұмсалу үшін ол екеуінің алдында басқа анықтауыштар болуды керек етеді. Мысалы, *kumis yugen* – күміс үзенгі (МА), *temur garuq* – темір шеге (МА), *kumis yuzuk* – күміс жүзік (МА), *mubguzsiz qoi* – мүйізсіз қой (МА), *екки күнлүг конуқ* – екі күндік қонақ (ҚБ), *йайығ дунийа* – баянсыз дүние (Мн) деген сөз тіркестері үзенгі күміс, дүние баянсыз, қонақ күндік деп айтылмайды, баянсыз дүние, дегенде ғана олар анықтауыштық құрамға енеді. Күндік қонақ деп жалаң айтылмайды, екі күндік қонақ дегенде оның алдындағы сан есімнен анықтауышы болса ғана, екі зат есім қатар тұрып тіркесе алады.

«Мукаддимат әл-әдаб» сөздігінде бірқатар зат есімдер өзара тіркесу үшін олардың алдында келте, қысқа, биік, терең, ұзын, ұзақ, жұқа, қалың, шолақ, қаба сияқты сын есімдер болады. Мысалы, *qisqa soz* – қысқа сөз (МА), *biyik kosk* – биік ғимарат (МА), *bodok tay* – биік тау (МА), *узун сақынч* – терең қайығы (ҚБ), *Узун кеч* – ұзақ өмір (ҚБ), *Кең дунийа* – кең дүние (3590).

Зат есімдерден болған сөз тіркестері түрлі-түрлі мағыналық қатынаста жұмсалады. Ол жағдай анықтауыштық топтағы заттардың семантикалық өзгешеліктерімен байланысты.

Сын есімдер – заттың әртүрлі сынын, сипатын, сапасын білдіретін сөздер. Солай болатындықтан олар зат есімдерге қатысты болып, зат есімдерден тіркесіп, есімді сөз тіркесінің құрамында өте көп жұмсалады. Сын есімдердің лексикалық мағыналарына және синтаксистік қызметіне қарағанда, олар есімді сөз тіркестерінің арнаулы бағыныңқы сыңары болатын сөздер. Мысалы: *yaman kunler* – жаман күндер (МА), *qayquliq er* – қайғылы еркек (МА), *isiq kul* – ыс-тық күл (МА), *it kawuni* – жабайы қауын (МА), *Йава иш* – жаман іс (ҚБ), *Оса дунийа* – озбыр дүние (ҚБ), *Севүг жан* – сүйікті жан (Мн), *Ерсиг тоңа* – аяулы батыр (ХШ). Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінде кездесетін қабыса байланысқан есімді тіркестердің жасалуында өзіндік айырмашылықтар жоқ.

Сын есімдер мен зат есімдер қатар тұру арқылы өзара қабыса байланысқан есімді сөз тіркесі жасалады. Мұндай синтаксистік тіркестердің құрамы әр алуан болатындықтан, олар әртүрлі анық-

тауыштық қатынаста жұмсалады. Мысалы: *Ol ot – nicpegen saban* (МА), *yetilmegen buta – жетілмеген бот а* (МА), *sayirliq ayaq – шапартты кесе* (МА), *naqislik perde – тігілген перде* (МА), *Edgu qylynych – ізгі іс* (ҚБ), *Irsal qut – опасыз бақыт* (ҚБ), *Tugmish elig – түйілген жұдырық* (Мн).

Жазба ескерткіш тілінде түрлі мағынада жұмсалатын сын есімдер кез келген зат есіммен тіркесе бермейді және барлық сын есімдердің зат есімдермен тіркесуі қабылеті бірдей емес [5, 212]. Мысалы: *Йайығ – баянсыз деген сөз дүниенің тұрақсыздығын білдіреді. Сондықтан оны йайығ дүниіа – баянсыз дүние* (МА), *йайығ қары – баянсыз қылқы* (ҚБ) құрамында айтуға болады. Оның себебі, әрбір сын есімнің білдіретін лексикалық мағынасы белгілі бір затқа (не заттарға), құбылысқа ғана тән сапа, яғни белгілі бір заттардың сапасы деп айтуға да болады.

Сан есімдер – зат есімдерге тән, оларды сан жағынан анықтап тұратын, зат есімнің жетегінде айтылатын, өзінің басыңқылық дербестігі жоқ сөздер. Олардың зат есімдермен тіркесуі арқылы қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері жасалады. «Муқаддимат әл-әдаб» сөздігінде сан есімдер мен зат есімдердің өзара тіркесуі қабылеті ерекше болғандықтан, ондай сөз тіркестері жиі кездеседі және олардың құрамы әртүрлі болады. Бірқатар зат есімдер талдап саналатын конкретті заттардың аты болады да, бірқатары абстракт ұғымның аты болады. Осыған орай, сан есімдер барлық зат есіммен бірдей тіркесе алмайды: олар санауға болатын заттардың атын білдіретін сөздермен тіркесе алады да, санауға болмайтын, абстракт ұғымды білдіретін зат есімдермен тіркеспейді.

Жазба ескерткіштер тілінде зат есімдермен қабыса байланысатын сөздердің тағы бір тобы – есімшелер. Есімшелердің зат есімдермен тіркесуі арқылы анықтауыштық қатынастағы есімді сөз тіркестері жасалады. Мысалы, *уариуи sac – таралмаған шаш* (МА), *bicma ugre – кесілген кеспе* (МА), *уаңқилісі ер – қателескен ер* (МА), *aciqlagan xatun – ашуланған әйел* (МА), *kesken yun – кесілген жүн* (МА), *уасаян келін – безендірілген келін* (МА), *өрту урса кишиг – ұстартқан кісі* (ҚБ),

«Муқаддимат әл-әдаб» сөздігінің тілінде мұндай есімді сөз тіркестерінің құрамында жиі кездесетін есімшелер **-ған/-ген** тұлғалылар. Бұларға қарағанда, **-атын/-етін, -ар/-ер/-р** тұлғалы есімшелер есім сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары қызметінде аз айтылады. Оның себебі есімшелердің білдіретін шақтық мағынасында: өткен шақ пен осы шақта жұмсалатын **-ған** тұлғалы анықтауыштар қимыл процесінің нәтижесін, оның зат есіммен тығыз мағыналық бай-

ланысын білдіреді.

Келер шақтық есімше зат есіммен тіркескенде көбінесе, оның болашақта болатын, қосымша сапасы ретінде жұмсалады.

Жазба мұрағаттар тіліндегі есімшенің сөз тіркесі құрамындағы анықтауыштық мағынасын басқа анықтауыштармен салыстырғанда, олардың елеулі айырмашылығы бар екенін көреміз: егер сын есімнен болған анықтауыштар заттың әр алуан сындық сапасын бір қалыпты күйінде білдірсе, есімшелер заттың қимылдық сапасын процесс күйінде білдіреді. Бұл айырмашылықтар сын есімдерден жасалған есімшелері бар мысалдардан айқын байқалады. Мысалы: *barxurdar er – бақытты еркек* (МА), *aciylic kisi – ашулы адам* (МА), *sacauliq kikitim – шашақты кілем* (МА), *sewinclik er – көңілді еркек* (МА), *Elgu султан – өнегелі сұлтан* (ҚБ).

Орта ғасыр жазба жәдігерліктерінің тілінде есімшелердің жетегінде оларға менгерілетін есімдер болатыны белгілі. Олар көбінше сол тобымен зат есімге қатысты болып, онымен бірігіп күрделі сөз тіркесінің құрамында айтылады. Есімшелер зат есімдермен ғана емес, олардың орнына жұмсалатын басқа есімдермен де тіркесуі мүмкін.

«Муқаддимат әл-әдаб» жазба мұрағатының тіліндегі қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің өзге сөз таптарымен тіркескенде, олардың тіркесуі қабылеті айқын, мағыналық байланысы берік. Олардың жасалу жолдары қазіргі тілімізге жуық. Орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері осы сынды көрініс табады.

ӘДЕБИЕТ

1. Балакаев М. Основные типы словосочетаний в казахском языке. Алма-ата: Изд. акад. наук КазССР. 1957.
2. Жубанов К. Исследование по казахскому языку. Алматы, 1999.
3. Салқынбай А.Б. Сөзжасам – номинация теориясының негізгі мәселесі // Филологияның өзекті мәселелері. Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазНУ, 1998. 314 б.
4. Аманжолов С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы, 1940.
5. Агманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі. Алматы, 1991. 212 б.